

Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарын жедел енгізу жөніндегі 2006 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 9 тамыздағы N 223-ө Өкімі "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Заңының 2-1-бабын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарын жедел енгізу жөніндегі 2006 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 9 тамыздағы
N 223 - ө өкімімен

бекітілген

Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарын жедел енгізу жөніндегі 2006 жылға арналған іс-шаралар жоспары

| P/c N | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі | Болжамды шығыстар (мың теңге) | Қаржыландыру көзі |
|-------|--|--|---|---------------------|-------------------------------|-------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | Ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының бақылау пакеттерін (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің): 1) халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасауды қамтамасыз ету жөніндегі, оның ішінде | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | Қаржымині (Н.А.Коржова) (жинақтау), ЭБЖМ (Б.Ә. Палымбетов), БҒМ (Б.С. Әйтимова), КҚМ (А.Ұ. Мамин), АШМ (А.С. Есімов), ИСМ (В.С. Школьник), ЭМРМ (Б.С.Ізмұхамбетов), МАМ (Е.Қ. Ертісбаев), Еңбекмині (Г.Ж. Қарақұсова), АБА (А.Қ. Жұмағалиев), | 2006 жылғы қыркүйек | | |

| | | | | | | |
|----|--|---|--|-------------------|-----------------|--|
| | <p>мамандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғыртуды және бухгалтерлік қызметтердің қызметкерлерін ХҚЕС бойынша оқытуды көздейтін іс-шаралар жоспарын;</p> <p>2) ХҚЕС талаптарына жауап беретін есепке алу саясатын;</p> <p>3) ХҚЕС-ға көшу күніне теңгерім баптарын түгендеудің нәтижелерін;</p> <p>4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2005 жылғы 22 желтоқсандағы N 426 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есеп шоттарының жұмыс жоспарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық (негіз) негізінде бухгалтерлік есепке алу шоттарының жұмыс жоспарын бекітуін қамтамасыз ету.</p> | | <p>облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі(С.М. Мыңбаев)</p> | | Талап етілмейді | |
| 2. | <p>Қаржы ұйымдарды үшін қарыздар беру кезінде аудит жүргізілуі міндетті қарыз алушылардың соңғы қаржы жылында ХҚЕС қаржылық есеп беруіне сәйкестігі туралы пікір білдіретін аудиторлық есепті ұсыну талабын белгілеу.</p> | Қ Қ А басқармасының қаулысы | ҚҚА (А.Ғ. Дунаев) | 2006 жылғы қараша | Болжанбайды | |
| 3. | <p>Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымдарын тіркеу кезінде ХҚЕС-ға сәйкес жылдық қаржылық есеп беруді ұсынған эмиссиялық бағалы қағаздардың эмитенттері туралы ақпарат беру.</p> | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ақпарат | ҚҚА (А.Ғ. Дунаев) | 2006 жылғы қараша | Болжанбайды | |
| 4. | <p>Табиғи монополияларды реттеу мәселелері жөніндегі заңнамалық ХҚЕС ережелеріне сәйкес келуіне талдау жүргізу.</p> | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ақпарат | ТМРА (Б.Ә. Сағынтаев) Қаржымині (Ә.А. Смайылов) | 2006 жылғы қазан | Болжанбайды | |
| 5. | Қазақстан Республикасының | Қазақстан Республикасы | Қаржымині (Н.А. Коржова) ҚҰБ (| | Болжанбайды | |

| | | | | | | |
|----|--|---|--|----------------------|--------------------|----------------------|
| | бухгалтерлік есепке алу және аудит жүйесін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу. | Үкіметінің қаулысы | Ә.Ғ. Сәйденов), ЭБЖМ (М.Ә. Құсайынов), БҒМ (Б.С. Әйтимова) Аудиторлар палатасы (С.Х. Көшкімбаев) | 2006 жылғы қазан | | |
| 6. | ХҚЕС мәтінінің жаңартуларын мемлекеттік тілге ресми аударуды және оны жариялауды қамтамасыз ету. | Бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау | Қаржымині (Н.А. Коржова) | 2006 жылғы желтоқсан | 2006 жылы - 1080,0 | Республикалық бюджет |
| 7. | ХҚЕС ерекшеліктерін меңгерген мамандар даярлауды қамтамасыз ету, оның ішінде: 1) ХҚЕС жөнінде оқулықтар дайындау; 2) ХҚЕС-ға және халықаралық аудит стандарттарына сәйкес " Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудит" курсы бекіту; 3) оқытушылар құрамын және студенттерді ХҚЕС-ға оқыту жөнінде шаралар қабылдау. | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ақпарат | БҒМ (Б.С. Әйтимова) ҚҰБ (Ә.Ғ. Сәйденов) | 2006 жылғы қыркүйек | 2006 жылы - 2940,0 | Республикалық бюджет |
| 8. | Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде аудитті міндетті түрде жүргізу белгіленген өнім әлеуетті жеткізушілер конкурстық рәсімдерге қатысқан кезде олардың қаржылық есеп берудің ХҚЕС-ға сәйкестігі туралы пікір білдірілетін аудиторлық есепті ұсынбау фактілерін анықтау жөніндегі бақылау іс-шараларын өткізу. | Қазақстан Республикасының Үкіметіне іс-шаралар нәтижелері туралы есеп | Қаржымині (Ә.Ж. Сұлтанғазин) | 2006 жылғы қараша | Болжанбайды | |
| 9. | Акционерлік қоғамдар мен мемлекеттік кәсіпорындар арасында ХҚЕС-ға көшу бөлігінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру мәселелері жөніндегі заңнамасын сақтау | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2006 жылғы қараша | | |

| | | | | | |
|-----|--|--|--------------------------|----------------------|-------------|
| | қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу және ұйымдардың ХҚЕС-ға көшуінің жай-күйі туралы ақпарат беру. | | | | Болжанбайды |
| 10. | Осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы есеп. | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | Қаржымині (Н.А. Коржова) | 2006 жылғы желтоқсан | Болжанбайды |

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
МAM - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
ҚҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі